

Қамқоршылық кеңесі жиналысы

№ 1 хаттама

31.03.2025 жыл

Толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Өткізілетін орны: Шахтинск қаласы, Панфилова, 4

Қатысқан адам саны - 9

Күн тәртібінде:

1. Бюджет тарапынан түскен қаражат туралы
2. Қаржы көздерінің тиісті қажеттілікке жұмсауын қатаң бақылауда ұстау
3. Оқушылардың құқығы мен денсаулығының сақталуын қатаң бақылауда ұстау

Тыңдалды:

Бірінші және екінші сұрақ бойынша мектеп директоры А. Есмаганбетов сөз алды. Ол бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді игерілуі жөнінде қамқоршылық кеңес мүшелеріне есеп берді. Қаражат білім беру сапасын арттыруға, оқу үдерісін қолдауға, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмсалғанын баяндады.

Сонымен қатар, мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу және оқушылардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында атқарылған іс-шаралар туралы мәлімет берілді. Мектеп ғимаратының жай-күйін жақсарту, қауіпсіздік жүйелерін орнату және жаңарту бойынша нақты шаралар қабылданғаны атап өтілді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған алдын алу шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Мектеп директоры алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен жоспарланған іс-шаралар туралы да баяндады. Мектеп оқушылары мен педагогтерге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында жаңа жабдықтар алу және инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Шешім: Мектеп әкімшілігі бюджет қаражатының мақсатты және тиімді жұмсалуды қамтамасыз етіп, оның игерілуі жөніндегі есептілікті қамқоршылық кеңесіне тұрақты түрде ұсынып отырсын. Мектепте жөндеу жұмыстарын жүргізу және қауіпсіздікті арттыру шаралары тұрақты бақылауда болсын.

Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Біржікен сөз алды.

Ол оқушылардың құқығы мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мектепте жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы баяндады. Оқушылардың құқықтарын қорғау, денсаулығын сақтау және қауіпсіздік шараларын күшейту бағытында кешенді жұмыстар атқарылып жатқаны атап өтілді.

Мектепте құқықтық тәрбие беру, оқушылардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша жүйелі түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіледі. Денсаулық сақтау шаралары, оның ішінде профилактикалық тексерулер, салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден қорғау бағытындағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі оқушылардың құқықтарының сақталуын қатаң бақылауда ұстап, құқықтық мәселелер туындаған жағдайда жедел шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Шешім: Мектеп әкімшілігі оқушылардың құқығы мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы іс-шараларды тұрақты түрде жүргізісін және бұл мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесіне есеп беріп отырсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:





Г.Ж. Ерханова

Хатшы:



Н.Қ.Исабаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Сайран Алтынгүл 
2. Адилова Камила Тулегеновна 
3. Жайлибаева Гулзира Избаскановна 
4. Жанымхан Саяран 
5. Мавитхан Март 
6. Умирзахова Жазира Алтынбекова 
7. Букирбаева Камила Шамсидиновна 
8. Тажибаева Жұпар Ахметкалиевна 
9. Калабаева Айшагуль Сармантаевна 

Нөмірленген және баумен байланған

2 (*ӘК*) бет

Қамқоршылық кеңес *Ержанова Т.А.*

